

Әдебиеттер тізімі

- 1 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. — Алматы: Атамұра, 1999. — 296-б.
- 2 Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар жинағы. — Алматы: Жазушы, 1985. — 560-б.
- 3 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан–2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы // Қазақстан сарбазы. — 1997. — № 85. — 4 қараша.
- 4 Азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы. (Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурыздағы ел халқына Жолдауында белгіленген Демократиялық реформалардың жалпыұлттық бағдарламасына және Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясына сәйкес әзірленді).

С.Д.Изтулеуова

Пути формирования исторического сознания на уроках истории

В статье рассматривается применение инновационных технологий в преподавании истории. Автор подчеркивает, что их применение способствует формированию исторического сознания молодого поколения. Формирование исторического сознания показано на основе опыта преподавания конкретного исторического материала.

S.D.Iztuleuova

Ways of forming historical ideology in history class

Article S.D.Iztuleuova considers the application of innovation technology in the teaching of history, the author stresses that the use of innovative technology contributes to the formation of historical consciousness of young generation. Formation of historical consciousness examines the experience of teaching a specific historical material.

Қ.С.Смағұлова

*№ 7 Жамбыл атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты, Қарағанды***Орта мектептерде «Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың кейбір мәселелері**

Мақалада әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, Отан тарихын оқытудың бірыңғай тәсілін өңдеудегі жоғары және орта мектептердің ынтымақтастығы, Отан тарихын оқытудың мәселелерін анықтау, мектептер мен жоғары оқу орындарындағы тарих сабағында инновациялық технологияларды өңдеу мен оларды қолдану, сонымен қатар Қазақстан тарихы жөнінде жаңа ұрпақ оқулықтарын жасау сұрақтары қарастырылды.

Кілтті сөздер: Қазақстан, тәуелсіздік, Қазақстан тарихы, төл тарих, демократиялық үрдістер, азаматтық қоғам, саяси реформалар, білім беру, кенестік кезең, ұрпақ.

Қазақстан тәуелсіздік алған осы жылдар ішінде еліміз үлкен өзгерістерге қол жеткізді. Ел ішінде экономиканың салалары барған сайын даму үстінде. Демократиялық үрдістер мен азаматтық қоғамға бастайтын саяси реформалар жүргізілуде. Осылармен қатар білім беру саласы да маңызды реформаларды басынан өткеруде.

Кенестік кезеңде КСРО тұсында қалыптасқан білім беру жүйесінің өзіндік дәстүрлері, құндылықтары мен артықшылықтарына қарамастан, ұлт республикаларында ана тілдері мен тарихтарына өте аз сағат бөлінді және тарих оқулықтары кеңестік идеологияға сәйкес бұрмаланып жазылған. «Қазақ тарихы» жеке пән ретінде 1960–1961 оқу жылына дейін оқылмай келді.

Қазақстанның білім беру жүйесі еліміздің Конституциясының қағидаларына, «Қазақстан–2030» Стратегиялық бағдарламасына, ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған жолдауларына, сонымен бірге халықаралық білім саясатына арналған құжаттарға негізделеді. Осыған

сәйкес Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі аталмыш құжаттарды басшылыққа ала отырып, білім беру жүйесін қалыптастырып әрі оны дамытуда. Аталмыш министрлік «Білім туралы», «Ғылым туралы» ҚР Заңдарымен қатар Білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жасап, осы заңнамалық негіздерге сәйкес іс-шаралар атқарылуда. Осы іс-шаралардың ішінде ұлттық мүдде мен идеяны қалыптастыруға көмектесетін «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту мен оның оқу құралдарымен қамтамасыз ету де бар.

Ендігі кезде «Қазақстан тарихын» кең көлемде оқытын, сол арқылы келешек ұрпаққа төл тарихымыз бен мәдениетімізді жеткізетін уақыт туған шақта тарихты оқытуда алғашқыда бірқатар қиындықтар кездесті. Біріншіден, орта мектептерге арналған «Қазақстан тарихы» оқулықтарын жазу; екіншіден, оқулықтардың мазмұнының сапалық жағы; үшіншіден, оқу құралына көмекші оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету. Осы мәселелерді қысқаша сараптап қарастырып көрейік.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап-ақ отандық оқу құралдарын жазуға ерекше көңіл бөліне бастады. «Қазақстан тарихы» оқулықтарын жазуға қазақстандық ғалымдармен қатар тәжірибелі мектеп ұстаздары да қатысты. Нәтижесінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен оқулықтар әзірленді. Ұзақ жылдар асыға күткен тәуелсіз еліміздің тарихын, оның арттағы көпғасырлық тарихынсыз елестету мүмкін емес еді. Сондықтан «Қазақстан тарихы» оқулықтары Қазақстанның территориясындағы болған және қазақ халқының тағдырындағы маңызды тарихи кезеңдер мен оқиғаларды барынша қамтуға тырысты. Соған қарамастан, орта мектептерге арналған «Қазақстан тарихы» оқулықтарының мазмұны ұлттық білім беру үлгісіне сай болмады. Мысалы, № 7 Жамбыл атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттың 8-сынып оқушылары тарих ғылымдарының докторы, профессор Ж.Қ. Қасымбаев әзірлеген жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған «Қазақстан тарихы (XVIII ғ. — 1914 ж.)» оқулығы («Мектеп» баспасынан 2004 жылы шыққан. — Қ.С.) бойынша білім алады. Бұл оқулық бір қарағанда көзге жақсы жазылған кітап болып көрінеді. Жеті бөлімнен тұратын бұл оқулықта көрсетілген мерзім ішіндегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, саяси дамуы және мәдениеті біршама жақсы жазылған. Оқулықтың тағы бір ұтымды тұсы — әрбір тақырыпшалардан кейін оның мәтініне сәйкес берілген түрлі құжаттық материалдардың болуында. Сол сияқты біраз карталар мен соңында хронологиялық шеңбер ішіндегі басты оқиғалардың даталары, оқулықтың мазмұнында жиі кездесетін шартты қысқартулар да берілген. Алайда ұлт мүддесі үшін өмірлерінің соңына дейін күресіп өткен алаш азаматтарына байланысты, олардың қоғамдық-саяси қызметтерінің қырлары, мәдениетке қатысты кейбір мәселелер әлі де болса толықтыруды қажет етеді. Мысалы, қазақтардың Мемлекеттік думаға сайлануын, олардың саяси белсенділіктерінің өсуін, екі Думаға қазақтардан барлығы он екі адам сайланғанын, олардың ішінде үшеуі екі Думаға да депутат болғанын және де олардың империяның төріндегі үлкен мінбелерден ұлтының жоғын жоқтаған Алаштың алғашқы азаматтары екеніне ерекше көңіл бөлген дұрыс сияқты. Себебі тарихта олардың іздері ұмытылмастай болып қалды. Қалай болғанда да Алаштан шыққан алғашқы 12 депутатты бөліп-жармай, барлығы туралы қысқаша мәліметтер берілу қажет. Оқулықта Алпысбай Қалмен, Дәуіт Ноян Тұндыт, Тілеулі Аллабергенұлы, Бактыгерей Құлман, Молда Тайынұлы сияқты депутаттардың аттары да жазылмаған [1]. Тарихи оқиғалар мен көрнекті тұлғалар жайында толық деректер беру мүмкіндігіне қазіргі кезде қол жеткізілді. Олай дейтініміз кезінде мұрағат қорларында «құпия» белгімен сақталып келген құжаттармен ғалымдардың жұмыс істеуіне рұқсат берілмесе, қазіргі кезде мұндай құжаттармен танысуға толық мүмкіндік туды. Жеке тұлғалар, олардың қоғамдағы орны, бір-біріне әсері, әсіресе ұрпақтар сабақтастығы, оның ішінде ұлт зиялыларының тәуелсіздік пен бостандық жолындағы күрестері сияқты өзекті мәселелерді жаңа буын өкілдері — мектеп оқушыларына жан-жақты жеткізетін кез келді.

Ал осы оқулықтағы «XX ғасыр басындағы Қазақстан мәдениеті» тақырыпшасын қарасақ, мұндағы мәдениет тақырыбы да толық ашылмай қалған. Айталық, атақты Әміре Қашаубаевтың жай ғана әнші емес, оның қазақ музыкасын алыс шетелге — Францияға танытқаны туралы қысқаша жазып кетсе немесе оған байланысты құжаттардан үзінді келтіру керек. Сондықтан оқулықта бұл мәселелердің қамтылмай қалған тұстары, мектеп хрестоматияларында жазылғаны дұрыс. Оқулық баспадан 2004 жылы жарық көргендіктен, оны толықтырып, өңдеп қайтадан екінші рет басып шығаруға әбден болады. Мұндай тілек-ұсыныстардың 5–7 және 9 сынып оқулықтарына да қатысы бар. Себебі бұл оқулықтарды да қайтадан қарастырып, толықтыру қажет. Мысалы, Қазақстан территориясы қола ғасырлар ескерткіштеріне өте бай. Осы ескерткіштердің кейбірі ғана мектеп оқулықтарында бар. Ал соңғы жылдары «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында қаншама

жұмыстар жүргізіліп, көптеген тарихи-археологиялық және сәулет ескерткіштері қайта жаңғыртылып, қалпына келтіріліп жатса, кейбір жерлерде археологиялық қазба жұмыстардың барысында жаңадан ескерткіштер ашылып жатыр. Кезінде Есік қорғанынан табылған «Алтын адам» ұзақ жылдар бойы жалғыз болып келсе, аталмыш бағдарламаның кешенді жүргізіліп келе жатқан жұмыстарының нәтижесінде «Сармат жауынгері» деп аталған екінші «Алтын адам» Атырау облысынан табылса, олардың қатары Шығыс және Орталық Қазақстаннан табылған «Алтын адамдармен» толықтырылу үстінде. Өкініштісі, олар туралы қызық мәліметтерді мектеп оқушыларының алдарындағы оқулықтардан кездестіре алмауы.

«Мәдени мұра» бағдарламасының басты мақсаты — халқымыздың ұлттық мәдениетін болашақ ұрпаққа таныту арқылы қазақстандық отаншылдыққа тәрбиелеу, сол арқылы ұлт мәдениетін әлемге көрсету. Себебі адамзат тарихының күретамыры — мәдениет. Мәдениет — адамның ақыл-ойы мен кимыл-әрекеті дүниеге әкелген рухани және материалдық құндылықтары. Халық мәдениет арқылы танылады.

2007 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыру жөніндегі Қоғамдық кеңестің қорытынды отырысында Президент Н.Назарбаев сөз сөйлеп, баяндама жасаған еді. Сонда сөзінде Елбасы былай деп еді: «Рухани-мәдени таным арқылы, тарихи сана негізінде патриоттық сезім, отаншылдық рух қалыптасатыны белгілі. Әсіресе бүгінгі жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеу — мемлекеттік идеологияның темірқазығы болуы тиіс» [2; 1]. Мемлекеттік идеология саласына тікелей қатысы бар мектеп мұғалімдері үшін осы бағдарлама аясында бізге танымал емес рухани және материалдық мәдениеттің жәдігерлері туралы мәліметтерді мектеп хрестоматияларына енгізген дұрыс. Мысалы, бағдарламадағы айрықша жобалардың бірі — археологиялық мұра.

Археологиялық мұра мәдени мұраның аса маңызды заттай бөлігі ретінде халықтың материалдық ескерткіші саналып, еліміздің тарихын зерттеумен қатар, тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау мен пайдалануда ерекше рөл атқаратыны баршаға аян. Осы орайда Қазақстанның археология ғылымының отандық тарихқа сүбелі үлес қосып отырғанын ескерсек, олармен толықтай таныс болатын мәліметтер әзірше мектеп оқулықтарынан сырт қалды. Біз, мектеп мұғалімдері, бүгінде «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында ұлттың рухани, мәдени-интеллектуалды өсуі, келер ұрпақты ата-баба дәстүрі, адамзат баласының құндылықтары рухында тәрбиелеу тұрғысында орасан зор еңбек жасалып жатыр деп жастарға нық сеніммен айта аламыз. Өйткені ұстаздың міндеті — алдында отырған оқушыға айналанда болып жатқан жаңалықтарды жеткізу. Сондықтан бірінші дерек көзі жарияланатын орын газет-журналдар, яғни баспасөз құралдары, болғандықтан, мектептердің ұстаздар қауымы осылардан алынған мәліметтерді тек қана ауызша түрде жеткізумен ғана шектелуге мәжбүр. Егер олар туралы шағын материалдарды көмекші құрал ретінде шығарып, мектептерге таратылса, онды болар еді. Осы жерде тағы да Елбасының мына бір айтқан ойы еске түседі: «Мәдени мұраны игеру — халықтың тарихи жадының негізі, онсыз шынайы патриотизм болмайды. Тарихи мәңгірттіктің осынау екпінін еңсеру жеткіншек ұрпақты тәрбиелеу үшін айрықшы маңызды» [2]. Олай болса «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде орта мектептердің «Қазақстан тарихы» оқулықтарының мазмұнын қайта қарап, оларды толықтыру мәселесін қолға алатын кез жеткен сияқты.

Сол сияқты 9-сыныпқа арналған «Қазіргі заман тарихы» оқулығында (авторлары Аяган Б.Ғ., Шәймерденова М.Ж. — Қ.С.) оқушыларды ғана жаңылтып қана қоймай, мұғалімдердің де күмәнін тудыратын тақырыпшалар кездеседі. Мысалы, оқулықтың төртінші бөлімінде тәуелсіз Қазақстанның халықаралық жағдайына арналған тарауша бар [3]. Мұнда Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік қауымдастыққа таныла бастағаны, соның нәтижесінде бірқатар мемлекеттермен екі жақты дипломатиялық қарым-қатынастардың орнай бастағаны, қысқа мерзім ішінде сыртқы саяси басымдылықтардың айқындалғандығы баяндалып келе, олармен бірге Қазақстанның ішкі саяси мәселелері қабаттасып кеткен. Оқулықтың 336–338-ші беттерінде жазылған 1994 жылғы республика парламентіне сайлау, осыған байланысты қабылданған Конституциялық соттың қаулысы, әрі қарай оған берілген түсініктеме және 1995 жылғы жаңа Конституцияның қабылдануы сияқты мәселелер Қазақстанның халықаралық жағдайын емес, ішкі саясатын көрсетеді. Біздің пікірімізше, көрсетілген беттердің аралығындағы ішкі саяси мәселелерді оқулықта берілген алдыңғы тараушада қарастырған дұрыс еді. Ал оның орнына неге Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың 1992 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында ұсынған Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шаралары жөніндегі Кеңесті (АӨСШК) шақыру туралы мәліметтерді бермеске? [4]. Дипломатия тілінде мұндай ұсынысты мемлекеттің превентивті, яғни алдын алу дипломатиясы, деп аталатындығы

баршаға аян. Немесе Қазақстанның Шанхай ынтымақтастығы ұйымын құрудағы рөлі және осы бір аймақтық маңызы зор ұйым туралы бір сөйлем де таба алмайсыз. Ең маңыздысы 2002 жылы АӨСШК-ның бірінші саммитінің өтуі, 1996 жылы «Шанхай бестігінің» құрылуы, ал оның Шанхай ынтымақтастық ұйымына айналған жыл — 2001 жыл. Осы фактілерге қарап отырсақ, олардың барлығы да оқулық жарыққа шыққанға дейін болған оқиғалар. Ендеше тәуелсіз Қазақстанның саяси келбетін көрсететін маңызды халықаралық оқиғалардың да осы оқулықтың мазмұнында орын алғаны дұрыс еді. Сол сияқты тәуелсіз Қазақстанның әлемдік қауымдастықта өзінің орнын көрсететін осы айтулы даталардың да оқулық соңындағы «Тарихи анықтамалардың» арасына кірмей қалған.

Осы айтылғандарды тұжырымдай келе, орта мектептерде «Қазақстан тарихын» оқытудың барысында мектеп мұғалімдерінің алдында туындаған кейбір мәселелер бойынша мынадай ұсыныс туындайды:

- ұлттық білім берудің үлгісін толық анықтап, мектеп құжаттарында көрсетуден бастаған дұрыс;
- орта мектептерге арналған «Қазақстан тарихы» оқулықтарының мазмұнын тағы бір қарастырып, оларды толықтырып, өңдеп қайтадан басып шығарған жөн;
- оқулықтың мазмұнына енгізілетін материалдарды мұқият іріктеп, олардың қатарын тың материалдармен толықтырған абзал;
- мәтінге сыймай қалатын материалдарды, тараушалардың соңында берілетін «Мәтіндерді көңіл қойып оқындар» сияқты жеке айдарлармен берген дұрыс;
- жыл сайын оқулықтар мен оқу құралдарын жаңадан басып шығару түрлі қиындықтарды келтіретіндіктен, мектеп оқулықтарын әрбір бес жылда қайтадан қарастырып отырса немесе тың және көкейкесті материалдарды жыл сайын мұғалімдер мен оқушыларға бірдей арналған оқу-әдістемелік кешен түрінде әзірлеп ұсынылса т.с.с.

Қорыта келе, бәсекеге қабілетті, интеллектуалды жастарды дайындаудың бірінші сатысы мектептен басталатын болғандықтан, олардың біліміне негіз болатын жаңа буын мектеп оқулықтарының жазылғаны дұрыс дер едік. Сол оқулықтардың арасында «Қазақстан тарихының» болғанын қалаймыз. Жан-жақты, дұрыс білім беруде «жан азығы — кітаптың» қаншалықты маңызды екені баршаға аян. Ендеше «ел болам десең, бесігіңді түзе демекші», ХХІ ғасырдың ұрпақтары білімді, бәсекеге қабілетті болу үшін, ең алдымен білім саласындағы жүргізіліп жатқан реформалардың ішіндегі отандық оқулықтардың мазмұны мен сапасы үшін жұмыс жүргізу керек. Сонда ғана жас ұрпақтың алдында ұялмай жұмыс істеуге, оларды патриоттық рухта тәрбиелеуге, өз Отанын сүйуге, оның өткен тарихы мен мәдени құндылықтарын барынша қастерлеуге үйретуге және оларды осы бағытта шынайы тәрбиелеуде жана мүмкіндіктерге қол жеткізуге болар еді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Қасымбаев Ж.* Қазақстан тарихы (XVIII ғ. – 1914 ж.): Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. — Алматы: Мектеп, 2004. — 248-б.
- 2 *Назарбаев Н.* «Мәдени мұра» мемлекеттің соны стратегиялық ұстанымы // Орталық Қазақстан. — 2007. — 15 ақп.
- 3 *Аяған Б.Ф., Шәймерденова М.Ж.* Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық / Жалпы ред. басқ. тарих ғыл. д-ры, проф. Б.Ф.Аяған. — Алматы: Атамұра, 2005. — 334–340-б.
- 4 Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында сөйлеген сөзі. АӨСШК бастамасы (Нью-Йорк, 1992 жылғы 5 қазан) / Тоқаев Қ. Беласу. Дипломатиялық очерктер. — Алматы: Дәуір, 2003. — 472–481-б.

К.С.Смағұлова

Некоторые проблемы в изучении дисциплины «История Казахстана» в средних школах

В статье рассматриваются вопросы сотрудничества высшей и средней школы в разработке единых подходов к преподаванию отечественной истории с использованием мирового опыта, в выявлении проблем преподавания отечественной истории, в разработке инновационных технологий и их применении в школьных и вузовских курсах истории, а также в создании учебников по истории Казахстана.

K.S.Smagulova

Some problems in the study of "History of Kazakhstan" in high school

In articles offered on a round table «Actual problems of a technique of teaching of National history» considered questions of cooperation of the higher and high school in working out of uniform approaches in teaching of national history with use of world experience, in revealing of problems of teaching of National history, in working out of innovative technologies and their application in school and high school courses of history, and also in creation of textbooks on stories of Kazakhstan.

Л.Л.Батурина, И.Ю.Фалежинская

*Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букедова***Преподавание истории в школах СНГ**

В статье показано, что содержание школьных учебников по истории на постсоветском пространстве вызывает серьезные опасения: этноцентризм, искажение фактологического материала, представление России в роли жестокого агрессора. Отмечено, что в российских учебниках прослеживается идея особой цивилизаторской миссии России в отношении малых народов, недостаточно выявляются негативные последствия национальной политики. Сделан вывод, что все это способствует не только искаженному восприятию исторического прошлого, но и отчуждению народов друг от друга.

Ключевые слова: история, знание, историческая наука, распад Союза, суверенные государства, образование, учебники, школьные учебники, авторы учебников, этноцентризм.

Начало 90-х годов XX в. было ознаменовано появлением новых независимых государств, возникших после распада Советского Союза. Всех их объединяло общее прошлое, которое все, в конечном итоге, старательно пытались вычеркнуть из своей истории. Это можно объяснить попытками самореализации национальной идентичности на международной арене, поисками новых союзников, отношения с которыми во время существования СССР были просто невозможны. Но, так или иначе, в конце XX в. возникла острая необходимость создания «новой» истории суверенных государств.

Условия, в которых происходил данный процесс, были омрачены кризисом в политической, экономической, культурной сферах жизни общества, что напрямую повлияло также на качество школьной исторической литературы. Ведь мы знаем, что развитие исторической науки и исторического образования зависит от условий, в которых развивается страна, от того, что является на том или ином историческом этапе ведущим и определяющим. Роль исторических знаний в этих условиях повышается, растет и востребованность этих знаний в обществе. Мифотворчество, «плюрализм» мнений, борьба с «неслыханной ложью» советских учебников, а главное извращенное отношение к России как наследнице советского прошлого — все это стало неотъемлемой частью содержания истории многих из новообразованных государств. Учебники, как структурный элемент образования, предстают в качестве сложносоставного и полифункционального культурно-политического феномена. Мы в своем анализе школьных учебников, вышедших в странах СНГ, обратимся к их содержанию в части оценки своего положения в составе Российской империи, СССР, места и роли последних в судьбах самих народов.

Мифологизация истории Украины поражает своими масштабами, начиная с того, что «украинский язык — один из древнейших языков мира... и есть все основания полагать, что уже в начале нашего летосчисления он был межплеменным языком» [1], на котором впоследствии писал свои стихи Овидий [1], а арии (ории), приручившие коня, изобретшие колесо и плуг, — на самом деле «древнейшее название украинцев», которые принесли «свои знания о земледелии и народных ремеслах в Китай, Индию, Месопотамию, Палестину, Египет, Северную Италию, на Балканы, в Западную Европу, Скандинавию» [1], кончая тем, что вождь гуннов Атилла провозглашается «обыкновенным украинским парубком» [1].